

**NEWS****OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 6, Number 316 (2017), 137 – 142

**A. Zhalmirza**

Associate Professor, Department of Turkic Studies L.N.Gumilov  
 Eurasian National University, Astana, Kazakhstan  
 aidynasylbek@hotmail.com

**SOCIO-LINGUISTIC POSITION  
OF KUMYK RESIDENTS IN KAZAKHSTAN: HISTORICAL  
INFORMATION AND QUESTIONED ANALYSIS**

**Abstract.** This article states about the short history of Kumyks, why did they come to Kazakhstan and their cultures, religion, language and literature.

The project-related research "Interaction of Turkic Languages and cultures in the post-Soviet Kazakhstan" is focuses on the interaction of languages and cultures of Turkic groups in Kazakhstan. In order to collect information on self-identification, language use, the attitude towards education in the mother-tongue, the historic aspects of the settlement [such as deportation], interethnic relationships, the maintenance of the specific culture, and the role of religion, a nationwide survey is carried out in Kazakhstan. Kazakhstan is a multiethnic, multilingual country with more than 126 ethnic groups. These groups consist of refugees, migrants, exiled and indigenous people of that area. One of those ethnic groups are the Turkic-speaking community, which consists of 25 Turkic speaking ethnicities.

I will also discuss in this paper how Kumyk diaspora could save these values, customs and traditions. I will argue the project of international questionare's conclusions and audio materials titled "Language and Cultures in the Post-soviet Kazakhstan" made by Kazakhstani and German scientists.

**Key words:** Kazakhstan, Kumyk, diaspora, history of Kumyks, Turkic groups in Kazakhstan.

ФОЖ 811.512.144

**А. Жалмырза**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті түркітану кафедрасының доценті,  
 филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАНДА ТҮРАТЫН ҚҰМЫҚТАРДЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТИК-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ:  
ТАРИХИ АНЫҚТАМА ЖӘНЕ АНКЕТАЛЫҚ ТАЛДАУ**

**Аннотация.** Бұл макалада қарақалпактардың қысқаша тарихы, қазақ жеріне келуі мен себептері, олардың мәдениеті, діні, тілі, жазуы мен әдебиеті және бұл құндылықтардың қарақалпақ диаспорасы шеңберінде сақталуы, көсібі, дәстүрлерін сақтай білуі секілді мәселелер қарастырылып, қазақстандық және неміс ғалымдарының бірігіп жүргізген «Пост-кенестік Қазақстандағы түрік халықтарының тілі мен мәдениетінің арақатынасы» атты халықаралық жобасының саулама қорытындылары, аудио материалдары талданады.

Атаптың халықаралық жоба Қазақстандағы түріктілдес топтардың тілдері мен мәдениеттерінің өзара әрекеттесуін зерттеуге бағытталған. Қазақстан көп ұлтты, көп тілді, көп конфессиялы мемлекет, онда 120-дан астам түрлі этнос өкілдері бар. Қазақстанда түрік тілдерінің ішіндегі қыпшақ, оғыз және қарлұқ тобында сөйлейтін 25 түрік тілдерінің өкілдері тұрады. Қазақстандық түрік тілдерінің көпшілігі экзогендік тіл тобына жатады, яғни олардың Қазақстаннан тыс жерлерде өзінің шекарасы бар және өздерінің негізгі тілдерін сол жерде пайдаланады.

**Тірек сөздер:** Қазақстан, құмық, диаспора, құмықтардың тарихы, Қазақстандағы түрік халықтары.

Құмық түріктері ұлт ретінде X-XI ғасырларда қалыптасқан халықтардың бірі. «Құмық» атауының шығуы туралы түрлі пікірлер айтылып, зерттеулер жүргізіліп келеді және оның түрлі этимологиялық

түсініктемелері де бар [1]. Зерттеушілердің көбі IX ғасырдағы қимактардан мұра болып қалған атау деп біледі. «Къумукъ» - құмық этнонимінің шығу туралы бір-біріне керағар пікірлерді көптеген келтіруге болады. А. Бакиханов, С.А. Токарев, А.И. Тамай секілді көптеген зерттеушілер ортағасырлық қыпшак одағындағы құмық пен кимақ этнонимдерін өзара байланыстыра қарастырады.

Тарихи деректерге сүйенсек, құмық этнонимі ерте ортағасырлық түрік тайпалары тілдерінің таралу кезеңінде пайда болды (III-XI ғғ.). Әзіrbайжанның көрнекті этнотараихшысы Г.А. Гейбуллаев анықтағандай, әрбір этноним сол тілді тұтынушылардың грамматикалық ережелеріне сәйкес қалыптасады [2, 52 б.]. Құмық этнонимі де осылай қалыптасты. Сонымен, біз бұл этнонимді шығу тегі түрік сөзі болып табылатын этимологиялық екі бөліктен – құм түбіріне көп мағыналы+ -қ (-ақ, -оқ, -ұқ) (жинақтаушы қөшпеше мағыналы) жүрнақтан тұрады деп топышылаймыз. Бұл грамматикалық және семантикалық жағынан «адам», «тайпа» мағынасына саятын ғұн, құн, ғұннұғ, құмық, қынық, құман секілді түріктік атаулармен түбірлес [3].

Құмықтардың шығу тарихы туралы зерттеулерде күрмеуі шешілмеген мәселелер жетерлік. Сондыктан да зерттеушілер пікірі екі топта сараланады: бірі құмықтарды ерте кезде ауып келгендер десе (С.М. Броневский, И.Клапрот, А.Вембери), екінші таптағы ғалымдар түріктік элементтерді бойына сіңірген тұрғылықты халық ретінде қарастырады (В.В. Бартольд, С.А. Токарев). Олардың кейбірі ғұн-булгар және хазар тайпаларымен, ал басқалары қыпшактармен араласуының нәтижесінде пайда болған деп топышылайды [4, 3 б.]. Әрине, бұл болжамдардың барлығы нақты дәлелдер мен дәйектемелерді талап етеді. Сондыктан да құмықтардың тегін шумер, сак, ғұн, хазар, қыпшактардан іздең K.C. Кадыраджиеv [5], M. Аджиев [6], A. Кандауров сияқты зерттеушілер өз дәлелдемелерін ұсынды. Аталмыш халықтың этногенезі мәселелері Я.А. Федоров [7], A.B. Гадло [8] и Г.С. Федоров-Гусейнов [4] сынды ғалымдардың еңбектерімен салмактана түседі. Жалпы зерттеулер корытындысы құмықтардың Дағыстанды ежелден мекендеп келе жатқандығын дәлелдейді.

Қазактар мен құмықтардың этникалық байланыстары туралы ерте ғасырдан бастап сөз етуге болады. Бір қызығы, құмықтардың өздері армян ескерткіштерінде «казак» атауымен де аталған көрінеді [9, 93 б.]. Мұнда «қазак» сөзі этнос атауы емес, сол этностың жауынгерлік сипатын таныту үшін айтылса керек. Екі туыс ұлттың арасындағы бізге белгілі болған этнонимдік, соционимдік және топонимикалық параллелизмдерді санамалай өтейік: қазактың орта жүзі құрамында кездесетін арғын руына ұқсас Шешенстан құмықтарының жерінде Аргун деген өзен бар; құмық тілінде сөйлейтін ноғайларда алаш, конгурат, уйгур, маджар, найман, уйсун, ас және кипчак деген ру атаулары кездеседі [10, 93 б.]. Сондай-ақ қыпшактар кезеңінен жалғасып келе жатқан байланысын күзәландыратын қазіргі құмық жеріндегі Манас елді-мекенін, Бекенез өзенін, Қарқар жотасын айтуға болады. Дәл осы атаулар Шығыс Қазақстанда да Манас қыстауы, Бақанас өзені және Қарқар тауы болып кездеседі [11, 125 б.]. Түріктердің көне тайпаларының бірі болған Қанғалы атауына сәйкес келетін құмықтардың Бұйнак ауданында 1970 жылдарға дейін Қанғалы деген екі шаруа қожалығы болыпты. Тарихи шындықтың әдеби шындыққа ұласатын зандылығына сәйкес, казак-құмық фольклорлық параллельдер де кездеседі. Құмық ауыз әдебиетінің Эр-Таргу батыры қазақ эпосындағы «Ер-Тарғынды» есke түсірсе [12], Кәсе деген өзіл әңгімелердің бас кейіпкері қазактың атакты Алдар Көсесінің құмықша нұсқасы екені белгілі [13]. Құмықтарда да ортақ түрік әдебиетінің ұлтілері ретінде «Къыркъ кызы» аңызы бар. Құмықтардың эпикалық жырларының циклі «Канна казак йырлар», яғни «Қазактардың қысқа жырлары» деп аталынады [10]. Құмық классикалық әдебиетінің негізін салушы тұлғаның есімі Йырчи Казак деген атпен белгілі. Мұндай этнонимдік және топонимикалық параллелизмдер кездейсоқ орын алып отырған жоқ. Демек, бұл – екі ұлттың туыстық байланыстарының тарихтағы іздерінің көрінісі. Қазақ-құмық этникалық байланыстары туралы сөз болғанда, Алаштың ірі қоғам және мемлекет қайраткері, тарихшы, ағартушы, қазактың тұңғыш темір жол инженері, 28 жасында II Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған, Түркістан Мұхтариятының премьер-министрі болған M.Тынышбаев туралы айтпаска болmas. Себебі M. Тынышбаев құмық генералы Али Шейх-Алидың қызы Аминаға үйленіп, кейін өзі тұтқынға түскенде балаларының қауіпсіздігі үшін олардың тегін әйелінің тегіне жаздырады [10]. Құмық этнографиясының негізін қалаушылардың бірі саналатын D.Шихалиев сол Алаш арысының ұрпағы [14].

Каспий теңізінің екі жағында қоныстанған туыс қазақ-құмық этносаралық байланыстары дағыстандықтардың жаппай қазақ жеріне қоныстанумен тағы да тығыз орныға түсті. Саяси құғын салдарынан дағыстандықтар XIX ғасырдың сонынан бастап Қазақстанға жер қоныстана бастады. 1944 жылы құмықтар да жаппай депортациялануды бастап кешіп, бір бөлігі қазақ жеріне қоныстандырылды.

Құмықтар антропологиялық ерекшелігі бойынша, Каспий маңы халықтарымен бірге (әзербайжандар, Кавказ құрдтерді, цахурлар, таттар) ұлken европеид нәсілінің құрамындағы балқан-кавказ нәсілінің кавкасион тобына жатады. Кейде каспийлік түр ерекшелігімен Жерорта теңізі нәсілі немесе ұнді-ауған нәсілі ретінде қарастырылады [15].

Құмықтардың басым бөлігі Ислам дінінің сунит ағымының Шафи масхабын, ал аздаған бөлігі Ханафи масхабын ұстанады. 1992 Махачкалада Дағыстан мұсылмандары Діни басқармасының ыдырау нәтижесінде Құмық мұсылмандарының діни басқармасы құрылды [16]. Халықаралық жобаның сауалнамасына қатысқан-

дардың 90,9%-ы ислам дінін ұстанып, діни әдет-ғұрыптарды орындайтындарын және тек мұсылмандармен некелесетінін білдірді [17].

Құмықтардың негізгі өмір сүру ареалы – РФ-сының Дағыстан өлкесі, яғни Терек және Ултучай өзендері арасындағы Хасавюрт, Бабаюрт, Қызылорта, Буйнак, Дербент, Қайтағ, Қаякет, Қараудағекті де сегіз аудан. Сондай-ақ Ичкерия, Солтүстік Осетия мен Ставрополь өлкесінде де құмық қоныстары табылады. Өте шағын диаспора ретінде Иран, Сирия, Түркия мемлекеттерінде және Қазақстанда да өмір сүреді. 2009 жылы жүргізілген санақ мәліметтері бойынша, құмық халқының жалпы саны шамамен 505.000 адамды құрайды, оның 503 060-ы Ресей территориясында, 1 113-і Украина, Белоруссия, Латвия секілді елдерде өмір сүреді [18]. Ал Қазақстандағы құмық диаспорасының өкілдері Манғыстау және Жамбыл облыстарында шоғырланған. Халық санағының корытындысы бойынша Қазақстандағы құмық диаспорасы халқының динамикасын төмөндеғідей: 1970 жылы – 354 адам; 1979 жылы – 873 адам; 1989 жылы – 1700 адам; 1999 жылы – 643 адам; 2009 жылы – 481 адам.

ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректері құмық диаспорасының халық саны 1989 жылға дейін қарқынды түде артып, ал 1999 жылдан кейін кемігенін көрсетеді. Қазіргі таңда бес жүзге жуық құмық Қазақстанның негізінен батыс пен онтүстік және басқа да аймақтарында өмір сүруде. Халықаралық жобаның сауалнамасына қатысқан 12 құмықтың Қазақстандағы тұрғылықты жері төмөндеғідей көрініс табады: 4 адам (30,8%) – Ақтөбе облысында, 3 адам (21,1%) – Оңтүстік Қазақстан облысында, 2 адам (15,4%) – Караганды облысында, 1 адам (7,7%) – Жамбыл облысында, 1 адам (7,7%) – Ақмола облысында тұратынын белгілесе, 2 адамның (15,4%) – мәліметі жок.

Қазақстандағы «Дағыстан» мәдени орталығы алғаш 1996 жылы Алматы қаласында, ал 1997 жылы Манғыстау облысында Ақтау қаласында ашылды. Қазір ондай орталықтардың саны бесеу. Атырау қаласында «Салам» Дағыстан ұлттық-мәдени орталығы, Караганды қаласында «Дағыстан ұлттық-мәдени орталығы» атты қоғамдық бірлестіктер жұмыс істейді. Құмықтар осында орталықтар мен қоғамдық бірлестіктердің ұйытқысымен түрлі мәдени шаралар ұйымдастырып, өздерінің ұлттық құндылықтарын дамытуға мүмкіндіктерін арттырып отыр. Құмықтардың да Қазақстанда өмір сүріп жатқан басқа да ұлт өкілдері секілді барлық құқықтары корғалған. «Сіздің этносынызға қандай дәстүрлер тән?» деген сұрақ жауаптарын келесідей саралап көрсетуге болады: «конақжайлышқ пен улкендерге іззет» - 2 адам (15,38%); «Бесік той мен сұндет той» - 1 адам (7,7%); «конақжайлышқ» - 1 адам (7,7%) және 9 адамның (69,2%) жауабы анықталмаған.

Бұл тақырыпты тарқату үшін халықаралық жобаның аудио және бейнеказбалары мен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған кейір қатысты материалдарды негізге аламыз. Қазақстандағы құмық ұлттының өкілдері, бейнеказбалардың кейіпкерлері Жамбыл облысында тұратын ерлі-зайыптылар. Олардың әке-шешелері Құмықтың Құтан деген жерінде көрші болыпты. Діндар болғандары себепті халық жауы деген айыптаумен 1935 жылы бірі – қазак жеріне, ал екіншісі – қырғыз жеріне жер аударылады [18]. Қазақстанға келген құмық отбасы қыргыз жеріне кеткен құмық отбасының қызына құда түсіп, екі жасты үйлендіреді. Олардың қазір төрт қызы мен бір ұлы бар. Баяндамада қазак жеріндегі құмықтар туралы мәліметтерді осы отбасының айтуы бойынша ұсынатын боламыз. Құмық отбасыларында жастарды ата-аналары таңдалап үйлендіреді. Қыз альп қашу салты да кездеседі. Құда түсу дәстүрінің ерекшелігі – күйеу жақтан қыз сұрап баратын саушилар бір емес, бірнеше рет баруы тиіс. Қалыңмал беріледі. Бұл құмықша «къалым» деп аталаңады. Қызды да жасауымен ұзатады. Қыз жасауын «қызының үй дүнісі» (qəznej үj dənjasənə) дейді. Ал Дағыстандағы құмық тілінде бұл сөз сеп (қызыгъа берилеген мал опуракъ) деп айттылады екен [19]. Бір қызығы, қазак тілінің онтүстік диалектісінде де қыз жасауы «сеп» деп айттылады.

Бала дүниеге келгенде 7-ші күні қой сойылып, еті жеті көршіге таратылып, қалған еті үйде асылып «хақылъқ» беріледі. Сәбиге ат қойылып, құлағына азан шақырылады. Аттары көбіне ислам дінінің әсерімен араб есімдері болып келеді. Соңғы уақыттары орыс есімдерінің әсері де көрінеді. Бала бесікке салынады. Бірақ әлди орнына «назумы» немесе «зикро» айттылады. Бұл екесінде Алла мен пайғамбарларына мадақ жыры іспетті. Құмық бесіктері қазак бесіктерінен жасауымен ерекшеленеді [20]. Сұндет тойы тойланады. Алайда құмықтардың барлық тойларында ешқандай музыка мен ән-би деген сауықшыл салттар болмайды. Тойға жиналған жүрт ер, әйел бөлек отырып зикро айтады, яғни Алланы зікір етеді.

Қазақстандық құмықтар мал және егін шаруашылығымен айналысады. Төрт түліктен көбіне жылқы мен қой асырайды. Негізінен құмықтар басқа да шафи масхабын ұстанушылар секілді ат етін жемейді. Бірақ Қазақстандағы құмық өкілдері қазақ сияқты соғымға жылқы сояды. Сәйкесінше көкпар ойынына да әуесқой болып, жастайынан асық та ойнайды. Құмық күресін «сунна» деп атайды. Ал Дағыстанда бұл спорт түрі «тутуш» деп аталаңады екен. Қазақстандағы құмықтар жылқы баққанымен, қымыз жасауды білмейді. Айранды «куверде» (күбі) пісіп, ұзак шайқатып, майын алады. Ұлттық тағамдары ретінде «мант жапрак», «хинкали» мен «курзенің» орны ерекше.

Әйелдерінің жұмыс күндері таңғы дұғамен басталады. Құнделікті айтатын дұғаларынан ислам тарихынан жақсы хабардар екендіктері байқалады. Сауалнама жауаптары негізінде қазақстандық құмық халқының ұлттық дәстүрлерінен қол үзбекендігін көреміз, сонымен қатар қазақтың дәстүрлерінің әсері де байқалады. «Көрші этностардың әсерімен дәстүрлерінізге қандай өзгерістер енген?» деген сұраққа мынадай жауаптар

алынды: «білмеймін» - 6 адам (46,1%); «ешиңдай өзгеріс жок» - 2 адам (15,3%); «байқаған жоқпыш» - 1 адам (7,6%); 4 адамның (30,7%) жауап мәліметтері жок. Осы көрсеткіштер және де жоба аясында дайындалған аудио жазба сұқбаттарынан байкалғандай, құмық диаспорасының өкілдері өз этносын қазактармен өте жақын деп халық деп ойлады, сондыктан да дәстүрлерінен айтартықтай айырмашылықтарды айшықтамайды. «Сіздің этносыңыздың дәстүрлерін сактауға қандай мүмкіншіліктер берілген?» деген сұрақ жауаптары: «барлық мүмкіншілік берілген» - 3 адам (23%); «білмеймін» - 1 адам (7,6%) және 9 (69,2%) адамның жауабы айқындалмаған.

Құмық тілі – Дағыстандағы мемлекеттік тіл болып саналатын 14 тілдің бірі, Қазакстандағы құмық диаспорасының экзогенді тілі. Құмық тілі – Дағыстан Республикасына, Шешенстанның солтүстігінде және Солтүстік Осетияның Моздок ауданына және Түркіяға, Тају Шығыстың бірқатар елдеріне тараған тіл. Құмық түріктері өздерінің ана тілі болып табылатын құмық тіліндегі сөйлейді және ұлттық әдеби тілі қалыптасқан ұлт болып табылады. Әдеби тілі буйнайк және хасаворт диалектілерінің негізінде қалыптасқан, Дағыстандағы алты әдеби тілдің бірі болып табылады [22, 320 б.]

Құмық тілі, Н.А. Басқаковтың жіктемесі бойынша, қарашай-балқар, ноғай тілдерімен катар, түрік тілінің Батыс Ғұн бұтағынан өрбитін «Қыпшақ» тобына жатады [23, 18-19 бб.]. XVII ғасырдан Солтүстік-Шығыс Кавказда құмық тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде және орыс әкімшілігімен ресми тіл болып қалыптасты. Құмық тілі XIX ғасырдың басына дейін Дағыстанның солтүстігіндегі, яғни Дағыстанның тау етегіндегі және жазықтағы аймағына тараған лингва-франка – ұлтаралық қатынас тілі болып табылады. Ресейде 2010 жылы жүргізілген санақ інтижелері бойынша 426 212 адам құмық тіліндегі сөйлейді екен. Қазакстандағы басқа да ұлттар секілді құмықтардың да ұлтаралық тіл орыс тілі саналады. 1928 жылға дейін құмықтар араб жазуын, 1928-38 жылдары – латын графикасына негізделген әліпбіді қолданса, 1938 жылдан бастап кириллица әрітерімен жазып келеді. Құмық әліпбійнде 38 әріп, оның ішінде 6 қосымша әріп бар: ғъ (f/ қ), къ (k/ q), нъ (n/ ң), оъ (ø/ ), уъ (y/ ү), ж (dʒ/ җ). 8 дауысты дыбыс: а, е, ы (ә), и, о, оъ, у, уъ және тек кірме сөздерде қолданылатын дауысты ә (ә) дыбысы, 23 дауыссыз дыбысы бар.

Құмық халқының жадында эпикалық, лирикалық және «яс» немесе «яс-йыр» деп аталатын (жоқтау) поэзия үлгілері сакталған. Ескі құмық тілінің ерекшелігін сақтай отырып ортақ түрік тіліндегі өлеңдерін жазған Умму Камал есімді ақын 15 ғасырдағы көрнекті тұлғалардың бірі саналады. Ал құмық жазба әдебиетінің негізін салушы, ері классикалық ақындары ретінде Ыырчы Къазакъ пен Магомед-Афенди Османов есімдерін айтуда болады. Төңкеріске дейінгі құмық әдебиетінде татар әдебиетінің әсері байқалса, кейінгі кезеңде әзір-байжан әдебиетінің әсерін көруге болады. 20-шы ғасырдың алашкы онжылдығы құмық әдебиетінің гүлдену дәүірі болып, мынадай ақын-жазушыларымен танылды: Манай Алибеков, Нуҳай Батырмурзаев және оның ұлы его сын Зайнал Батырмурзаев, Абуш Карамурзаев, Коччакай Джамалутдин Ханакаев, Магомед-Кади Дибиров, Казияв Али, Адиль-Герей Измаилов, Ансар Кадиев, Абусуфьяна Ақаева, Билал Алибеков, Нажмутдин Гайдарбеков, Шихаммат-Кадий Эрпелинский, Абдулхалим Джэнгутаевский; Темирболат Бейбулатов, Алипмурза Девлетмурзаев, Магомед Казанбиев, Ачакан Казбеков т.б.. Сауалнамадағы «Сіз ана тіліңізегі халық ауыз әдебиеті үлгілерін (ертеғілер, аңыздар, мифтер, тарихи поэмалар) білесіз бе? Қандай?» деген сұраққа 13 құмық диаспорасы өкілінен төмендегіше жауап алынған: «жоқ» - 7 адам (53,8%); «хабарым ба, жатқа білмеймін» - 1 адам (7,6%); «ұзақ тізіме аламын» - 1 адам (7,7%); «азадап» - 1 адам (7,7%) және 3 адамның (23%) жауап мәліметтері жок. Құмық диаспорасы өкілдерінің басым бөлігі (53,8%) ана тілдеріндегі халық ауыз әдебиетінің үлгілерін білмейді.

Сауалнама қорытындысы бойынша, құмық отбасыларының басым көшпілігі аталарының қазақ жеріне қашан және қандай жағдайда қоныс тепкенін дәл, нақты айта алмайды. Сауалнаманың «Қашан көшіп келдіні?» деген сұрағына оған қатысушы 13 құмықтың 9-ы, яғни 69,2% нақты жауап бермеген, ал келу себебін олардың 1-еуі (7,6%) «жер аударумен», 3-і (7,1%) «жұмыс үшін» деп көрсетсе, 9-ының (69,2%) жауап мәліметтері жок. «Қазакстанға жер аударылдыңыз ба?/депортацияланыңыз ба?» сұрағына 13 адамның 11-і (84,6%) – жоқ, 1 адам (7,7%) – ия деп жауап берген, ал 1 адамның (7,7%) жауап мәліметі ұсынылмаған. Жауап мәліметтерінен құмықтардың мәжбүрлі түрде көшіп келмегендерін көрсетеді.

Сауалнама алынған респонденттердің барлығы дін ұстану және ұлттық салт-дәстүрлер мен ұлттық тағамдарды сақтай білу дің, ұлттық танымның қажеттігін көрсетті. Зерттеу сұхбат алу (интервью), сауалнама толтыру және сауалнаманы талдау әдісі бойынша жүргізілді.

Этникалық жіктелім: сауалнама алынған 13 құмық-レスпонденттің барлығы ер адам (100%). Этникалық таным: төлкүжаты бойынша 13 құмықтың барлығы (100%) құмық деп көрсетілген. Ал ұлттық таным бойынша 13 құмықтың 12-і (92,3%) өздерін құмық, тек 1-еуі (7,7%) өзін орыс ұлтына тиесілі деп таниды. Әкесінің ұлты: 13 адам (100%) – құмық. Сауалнама талдамасы көрсетіп отырғандай. Әке тарапынан құмықтардың ұлттық құрамы тек құмық ұлтынан тұрады. Ал құмықтардың аналық тармағы бойынша құрамында тек үш ұлттың қатыстырылғын көреміз: 3 адам (23,1%) – құмық; 1 адам (7,7%) – татар, 1 адам (7,7%) – орыс, 8 адамның (61,5%) жауап мәліметі анықталмаған.

Осылайша, құмық этносындағы аралас некелі жанұяларда әке тармағы басымдылықты күрайды, сондыктан барлық мәлімет әке тарапы бойынша беріледі. Құмық жанұяларында, басқа да ислам сеніміндегі

түрік халықтары жаңуяларындағы секілді әке беделі өте жоғары саналады. Қазақстандағы құмық отбасыларында аралас неке басым және аралас некеге ешқандай шектеу қойылмаған. Құмық отбасыларында аралас неке көбіне қазақ және татар ұлтымен құрылғанын көреміз. Құмықтардың аралас некелеріндегі ұлттық үлес салмақ келесідей көрінеді: 6 адам (46,1%) қазактармен, татарлармен; 4 адам (30,7%) - орыстармен, 1 адам (7,7%) шешендермен, 2 адам (15,3%) басқа да ұлттармен. Ал аралас отбасыларда бала ұлтынын белгіленуі төмендегідей көрініс табады: 5 (38,5%) баланың ұлты құмық деп жазылған, 8 (61,5%) баланың ұлты туралы ақпарат жок. Талдау нәтижелерінен көрінгендей, сауалнамаға қатысқан құмық өкілдерінің басым бөлігін ерлер құрайды.

*Сауалнаманың отбасында мектеп жасасына дейінгі балалармен қай тілде сөйлесесіз сұрағының жауабы бойынша қорытындысы: 5 (38,5%) – қазақ және орыс тілінде; 4 (30,8%) – құмық және орыс тілінде; 3 (23,1%) – тек қана орыс тілінде; 1 (7,7%) – тек қана құмық тілінде. Сауалнаманың отбасында мектеп жасасындағы балалармен қай тілде сөйлесесіз сұрағының жауабы бойынша қорытындысы: 5 (38,5%) – тек қана қазақ тілінде; 4 (30,8%) – тек қана орыс тілінде; 2 (15,4%) – құмық және орыс тілінде; 2 (15,4%) – мәліметі көрсетілмеген. Отбасында ересектермен қай тілде сөйлесесіз сұрағының талдауы: 5 (38,5%) – құмық, қазақ және орыс тілінде; 3 (23,1%) – құмық және орыс тілінде; 3 (23,1%) – тек қана орыс тілінде; 1 (7,7%) – тек қана құмық тілінде; 1 (7,7%) – мәліметі көрсетілмеген. Басқа үлт өкілдерімен қай тілде сөйлесесіз сұрағының талдауы: 10 (76,9%) – тек қана орыс тілінде; 1 (7,7%) – қазақ және орыс тілінде; 1 (7,7%) – қазақ және түрік тілінде; 1 (7,7%) – мәліметі көрсетілмеген. Тілдік жағдайды талдау нәтижелері Қазақстандағы құмықтар үшін «тілдік фактордан» туындастын мәселелердің жоқтығын көрсетті. Құмықтардың көбі (70%) орыс тілін еркін менгерген немесе олардың басым бөлігі (61,5%) қазақ тілінде түсінісе алды. Респонденттердің ешбірі тілдік негіздер бойынша олардың құқықтарын бұзу фактілерін белгілеген жок. Тіл саясатының неғұрлым қолайлы модельдері ретінде қазақстандық құмықтар мемлекеттік тіл – қазақ тілін және ресми тіл – орыс тілін қатар колданатын «қостілді» болып келеді (80%). Сонымен, тілдік жағдайды талдау қорытындысы бойынша: 5 адам (38,5%) – қазақ, құмық және орыс тілдерінде еркін сөйлейді; 4 адам (30,8%) – башқұрт, құмық және орыс тілдерінде еркін оқиды; 4 адам (30,8%) – қазақ, құмық және орыс тілдерінде еркін жазады; 5 адам (38,5%) – қазақ, құмық және орыс тілдерінде еркін түсінісе алды; 7 адам (53,8%) – орыс тілінде кітап, газет, журнал және хабарландыруларды еркін оқи алды; 7 адам (53,8%) – орыс тілінде дәріс, сұхбат, баяндама, телебағдарламалар мен радиохабарларды тыңдалап, түсініне алды; 5 адам (38,5%) – орыс тіліндегі концерттік және сахналық бағдарламалар тыңдау түсінікті; 9 адам (69,2%) – қазақ және орыс тіліндегі фильмдерді олардың ана тілінде түсіндірудің қажеті жоқ деп жауап берген.*

Тұстастай алғанда, Қазақстанда белгілі бір «құмықтық мінез-құлық ұлгісін» бөліп қарастыру мүмкін емес, алайда зерттеу нәтижесі бұл этникалық топтың мынадай екі ерекшелігін көрсетеді: оның бірі – қактығыссыз әлеует болса, екіншісі – этносаралық өзара ықпалдастық үшін ашықтық деңгейінің жоғарылығы.

Құмық халқының құрамы күрделі болып, көптеген тайпалардың бірігуінен құралды. Олар отырықшы халық болып, суармалы егіншілікпен шұғылданды. 8-9 ғасырлардан бері бау-бақша, әсіреле жүзім есіру, диқаншылық олардың дәстүрлі көсібі болып келеді. Құмықтар өте ерте кезден мал шаруашылығымен де айналысып келеді. Олар қаруды жасау ісімен де танымал халық. Құмық этносы, әдеттегідей, ауылшаруашылығы және мал шаруашылығымен айналысады, бірақ басқа да мамандықпен жұмыс істейтіндері де бар. Мұны мәліметін ұсынған 13 респонденттің төмендегі жауаптарынан көре аламыз: 4 адам (30,7%) – студент; 3 адам (23,1%) – кызмет көрсету саласында; 2 адам (15,4%) – мұғалім, оқытушы; 2 адам (15,4%) – оқушы; 1 адам (7,7%) – мемлекеттік қызметкер; 1 адам (7,7%) – жұмысшы.

Зерттеу нәтижелерін мынадай тұжырымдармен корытындылауға болады: құмықтар мен қазақтар гендік әрі тілдік ерекшеліктерімен өте жақын туыс үлт болып табылады және олардың өзара байланыстарының тамыры теренде жатыр; қазақ пен құмық арасында кездесетін параллелизмдер екі ұлттың этногенезінің сабактас екенінде түсіндіреді; Қазақстандағы құмықтарда жергілікті қазақ және орыс ұлттарының тілдік, тұрмыстық және мәдени есертлері байқалады; құмықтар Қазақстан кеңістігінде өзіндік тілдік ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін, мәдениетін, дінін сақтап келуде; Қазақстандағы басқа да ұлттарға қарағанда құмықтар дінді берік ұстап, шаригат заңдарын сай өмір салтына талпынады.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Кадыраджиев К.С. Проблемы сравнительно-исторического изучения кумыкского и тюркских языков. - Махачкала, 1998.
- [2] Гейбуллаев Г.А. К этногенезу азербайджанцев. - Баку. 1991
- [3] Алиев К. Кумыки: имя, история, идентитет. 2011. <http://kumukia.ru>
- [4] Федоров-Гусейнов Г.С. История происхождения кумыков. - Махачкала: Дагестанское книжное издательство, 1996. -168 с.
- [5] Кадыраджиев К.С. Загадки кумыкской и тюркской истории от Эгейского до Каспийского морей. - Махачкала, 1992.

- [6] Аджиев М. Мы - из рода половецкого. – Рыбинск, 1992. -144 с.
- [7] Федоров Я.А. К вопросу об этногенезе кумыков // Научные доклады Высшей школы. Исторические науки. – Москва, 1959. №1.
- [8] Гадю А.В. Этническая история Северного Кавказа. – IV – X вв. – Ленинград: Издательство Ленинградского университета, 1979. -217с.
- [9] Аджиев А.М. У золотых родников. – Махачкала, 1991.
- [10] Идрисов Ю.М. Кумыкско-казахские межэтнические связи // Казахи России: История и современность. Материалы Международной научно-практической конференции. – Омск, 2010.
- [11] Муканов М.С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. – Алма-Ата, 1974.
- [12] Алиев К.М. Таргу-Наме. – Махачкала, 2001.
- [13] Аджиев А.М. Устное народное творчество кумыков. – Махачкала, 2005.
- [14] Шихалев Д.-М. Рассказ кумыка о кумыках. – Махачкала, 1993.
- [15] Алексеев В.П. География человеческих рас // Избранное в 5 т. Т. 2. Антропогеография. - Москва: Наука, 2007.
- [16] Ярлыкаев А. А. Религиозные верования // Народы Дагестана / Отв. ред. С. А. Арутюнов, А. И. Османов, Г. А. Сергеева. –Москва: Наука, 2002.
- [17] <http://tyurki.weebly.com>
- [18] Kumyk\_Merke\_25032014\_NIA\_V01
- [19] <http://xn----ntbbedaael5ct1hh8c.xn--plai/slovar/slovar.php>
- [20] Kumyk\_Merke\_25032014\_NIA\_V03

#### **REFERENCES**

- [1] Kadyradzhiev K.S. Problemy sravnitel'no-istoricheskogo izuchenija kumykskogo i tjurkskikh jazykov. Mahachkala, **1998**.
- [2] Gejbullaev G A. K jetnogenezu azerbajdzhanecv. Baku. **1991**.
- [3] Aliev K. Kumyki: imja, istorija, identitet. 2011. <http://kumukia.ru>
- [4] Fedorov-Gusejnov G.S. Istorija proishozhdenija kumykov. Mahachkala: Dagestanskoe knizhnoe izdatel'stvo, **1996**.168 s.
- [5] Kadyradzhiev K.S. Zagadki kumykskoj i tjurkskoj istorii ot Jegejskogo do Kaspijskogo morej. Mahachkala, **1992**.
- [6] Adzhiev M. My - iz roda poloveckogo. Rybinsk, **1992**.144 s.
- [7] Fedorov Ja.A. K voprosu ob jetnogeneze kumykov // Nauchnye doklady Vysshei shkoly. Istoricheskie nauki. Moskva, **1959**. №1.
- [8] Gadlo A.V. Jetnicheskaja istorija Severnogo Kavkaza. IV–X vv. Leningrad: Izdatel'stvo Leningradskogo universiteta, **1979**. 217s.
- [9] Adzhiev A.M. U zolotyh rodnikov. Mahachkala, **1991**.
- [10] Idrisov Ju.M. Kumyksko-kazahskie mezhetnicheskie svjazi // Kazahi Rossii: Istorija i sovremennost'. Materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii. Omsk, **2010**.
- [11] Mukanov M.S. Jetnicheskij sostav i rasselenie kazahov Srednego zhuza. Alma-Ata, **1974**.
- [12] Aliev K.M. Targu-Name. Mahachkala, **2001**.
- [13] Adzhiev A.M. Ustnoe narodnoe tvorchestvo kumykov. Mahachkala, **2005**.
- [14] Shihalev D.-M. Rasskaz kumyka o kumykah. Mahachkala, **1993**.
- [15] Alekseev V.P. Geografija chelovecheskikh ras // Izbrannoe v 5 t. T. 2. Antropogeografija. Moskva: Nauka, **2007**.
- [16] Jarlykapov A. A. Religioznye verovanija // Narody Dagestana / Otv. red. S. A. Arutjunov, A. I. Osmanov, G. A. Sergeeva. Moskva: Nauka, **2002**.
- [17] <http://tyurki.weebly.com>
- [18] Kumyk\_Merke\_25032014\_NIA\_V01
- [19] <http://xn----ntbbedaael5ct1hh8c.xn--plai/slovar/slovar.php>
- [20] Kumyk\_Merke\_25032014\_NIA\_V03

#### **Айдын Жалмырза**

доцент кафедры тюркологии, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат филологических наук, Астана, Казахстан

#### **АНАЛИЗ ПО АНКЕТИРОВАНИЮ СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ КУМЫКОВ, ПРОЖИВАЮЩИХ В КАЗАХСТАНЕ**

**Аннотация.** Рассмотрены краткая история кумыков, причины их переселения на казахскую землю, их культура, религия и язык, письменность и литература, а также сохранение данных ценностей в кругу кумыкской диаспоры, профессии и вопросы сохранения традиций, подведены итоги анкетирования международного проекта, проведённого совместно с немецкими и казахстанским учеными на тему «Взаимодействие тюркских языков и культур в постсоветском Казахстане», а также проанализированы аудио материалы.

Казахстан - многонациональное, полиглоссичное, поликонфессиональное государство, где проживают представители более 120 различных этносов. В Казахстане проживает 25 тюркских этноса, говорящих на разных тюркских языках кыпчакской, огузской и карлукской групп.

**Ключевые слова:** Казахстан, кумыки, диаспора, краткая история кумыков, тюркские этносы Ка-захстана.